

**Орталық атқарушы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі есептерiнiң нысанын және оларды ұсыну мерзiмдерiн бекiту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 485 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 қарашада № 12264 болып тіркелді

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6-14) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған орталық атқарушы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі есептерiнiң нысанын және оларды ұсыну мерзiмдерi бекiтiлсiн.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі *Ә. Исекешев*

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
-----  
А. Мамытбеков  
2015 жылғы 17 тамыз

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
-----  
А. Сәрінжіпов  
2015 жылғы 18 маусым

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
-----  
Т. Дүйсенова  
2015 жылғы 8 тамыз

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
-----  
Б. Сұлтанов  
2015 жылғы 18 мамыр

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі  
-----  
И. Тасмағамбетов  
2015 жылғы 7 қыркүйек

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі  
-----  
А. Мұхамедиұлы  
2015 жылғы 5 қазан

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істері министрі  
-----  
Е. Ыдырысов  
2015 жылғы 11 қыркүйек

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 27 мамыр

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақтан Республикасының  
Ішкі істері министрі  
Қ. Қасымов

2015 жылғы 30 қыркүйек

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақтан Республикасының  
Энергетика министрі  
В. Школьник

2015 жылғы 9 маусым

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 485 бұйрығымен  
бекітілген

## Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы орталық атқарушы органдардың мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі есептерінің нысаны және оларды ұсыну мерзімдері

1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі орталық атқарушы органдардың есептерді ұсыну нысаны:

№	Іс-шараның атауы	Іс-шараны өткізу мерзімі	Іс-шараның нәтижесі	Қаржылық шығындар	Іс-шараны өткізу кезеңділігі	Қатысқан ұйымдар	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі есептерді орталық атқарушы органдардың ұсыну мерзімдері:

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті органға есеп беруден кейінгі жылдың 25 қаңтарына орталық атқарушы органдар өз құзыреті шегінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша есептер ұсынады.